

Хаттама №5

Жетісай ауданының білім бөлімі «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Қатысқаны: 9

Күні:28.05.2025ж

Қатысапағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Мектепте өзін-өзі бағалаудың қорытындысы туралы.

Тындалды:

Мектеп директоры м.у.а Б.Аскарлов сөз алды.Ол өз сөзінде бүгінгі кеңесті «ашық» деп жариялады.

2025 жылғы 2 сәуірдегі кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес сараптамалық комиссия 2025 жылдың 8 сәуір мен 30 сәуір аралығында өзін -өзі бағалау сараптамалық жұмыстарын жүргізді. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп,оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдармен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып,Түркістан облысының білім басқармасының Жетісай ауданының білім бөлімі «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді,атап айтқанда,өткен екі оқу жылы(2022-2023,2023-2024) және ағымдағы оқу жылына (2024 - 2025) жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелерінде төмендегідей кемшіліктер анықталды:

Мектептің шалғайда орналасуына байланысты ұялы байланыс пен сапалы, жылдамдығы жоғары интернетке қол жеткізе алмағандықтан өткен екі оқу жылы(2022-2023,2023-2024) Kundelik.kz платформасында және ағымдағы оқу жылында да (2024 - 2025) Bilimland цифрлық білім беру платформасының электронды журналдарымен жұмыс жүргізілмегендігін, тек қана қағаз нұсқасындағы журналдармен оқушылар бағаланып отырғанын атап айтып өту керек..

Осыған байланысты қазіргі таңда төмендегі кемшіліктер, қателер орын алғаны анықталды:

2. Кейбір пәндер бойынша баға қорының аздығы анықталды және қағаз жүзіндегі журналында қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиындық бағалау балының өзгертілгендігі анықталды.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына сәйкес педагогтер бес жылда бір аттестаттаудан өтуі тиіс, алайда бастауыш сынып мұғалімі Ф. Онгарова мен ағылшын тілі пәні мұғалімі А. Турдиевалар, 2023-2024 оқу жылының ПББ тестіне барып пән бойынша шекті балды жинай алмауына байланысты қазіргі таңда біліктілік санатын көтере алмады

Шешім етті:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 1-қосымшасында «Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі Құжаттарды педагогтер қағаз немесе (білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда) электрондық форматында толтырады. Электрондық форматта толтыратын жағдайда қағаз нұсқа талап етілмейді», - делінген. Осыған сай алдағы уақытта BilimClass журналын ережеге сәйкес жүргізу ұсынылады.

2. Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын санатсыз және педагог-модератор үлесін азайту

3. Үйірме жұмыстарын жүйелі жүргізу.

Кеңес төрағасы:  Б. Асқаров

Хатшы:

З. Базарбаева